

«Білім айнасы» 2026 ж.

**«Білім айнасы» газетінің қосымшасы қаңтар 2026 ж. №01-(71-1474-журнал)
Приложение к газете «Білім айнасы» январь 2026 г. №01-(71-1474-журнал)**

Қазақстан Республикасы ұстаздарының ашық сабақтар, баяндама, сценарийлер жиынтығы.

Разработки уроков, занятий и внеклассных мероприятий, сценариев, докладов учителей РК.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитетінде №14080-Г, 30.12.2013 жылы тіркелген.

Поставлен на учет в Министерстве Культуры и Информации Республики Казахстан, и в Комитете информации и Архивов за №14080-Г от 30.12.2013 г.

Аты: «Білім айнасы» республикалық ғылыми-танымдық газеті.

Название: Республиканская научно-познавательная газета "Білім айнасы".

Тілі: қазақша, орысша.

Язык: казахский, русский.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім саласына арналған танымдық газет.

Основное тематическое направление: научно-познавательная газета для образовательной сферы.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Территория распространения: Республика Казахстан

Редакция авторлардың пікірімен келісе бермейді. Сөздік, басқа да мәселелер бойынша авторлар өздері жауапты.

Мнение авторов и редакции может не совпадать. Ответственность за опубликованный материал несет сам автор.

Астана, 2026 жыл

Мазмұны:
Содержание:

1. Жылдамбаева Ж.Б. - Жыл мезгілдеріне саяхат.....	3
2. Толеуова С.К. - Сезімдер әлемі.....	5
3. Жайылханова Ш.К. - Анаға қарап қыз өсер.....	7
4. Абдуллаева А.У. - Ғажайыпқа толы Жаңа жыл.....	10
5. Акбаева Ж.Р. - Жабайы жануарлар тіршілігі.....	15
6. Ерғалиева Р.К. - Ұлттық ойындар.....	17
7. Карагулова Г.Д. - Пішіндер қалашығына саяхат.....	19
8. Конарбаева С.Р. - Балабақшада В.В Воскобович технологиясын балалардың іс- әрекетінде қолданудың тиімділігі.....	22
9. Малаева А.С. - Әке асқартауым.....	23
10. Назарбаева А.Ж. - Республикама – мақтанышым.....	26
11. Онайбаева А. - Ұйқыдан кейінгі сауықтыру-шынықтыру шаралары.....	31
12. Оразбаева У.И. - Елімнің ертеңі.....	34
13. Сегізбаева А.О. - Сиқырлы 5 саны.....	36
14. Уразбаева Н.У. - Үй жануарлары әлемі.....	38



Жылдамбаева Жупар Бердибаевна,
Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы
«Бөбек бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
Тәрбиеші, педагог-модератор

Жыл мезгілдеріне саяхат

Мақсаты: Жылдың төрт мезгіліндегі құбылысты салыстыру және ажырата айта білу. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Жаз, күз, қыс, көктем.

Көрнекіліктер: тақырыпқа сай сурет үлгісі

Жүру барысы

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбер:

Табиғат біздің анамыз

Табиғатқа баламыз

Иліп сәлем береміз

Біз әдепті баламыз

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

Көктем мезгілі

-Көктем айларын атаңдар?

Наурыз. сәуір, мамыр

-Көктем мезгіліндегі табиғаттағы ерекшеліктері атаңдаршы:

Ағаштар бүршік атады, күн жылынады, құстар жылы жаққа ұшып келеді.

-Балалар маған қараңдаршы, менің қолымда әр түрлі түсте шарлар бар.

Бұл шарлардың түстері осы төрт жыл мезгілін сипаттайды.

Күз—сары түсті

Қыс — ақ түсті

Көктем — көк түсті

Жаз — жасыл түсті

Балалар таңдаған шардың түсіне қарай әр жыл мезгіліне барып ойындар ойнайды.

Бірінші көктем мезгілінің ойындарын түсіндіріп шарттарымен таныстыру.

1 - Бақбақ гүл

Мақсаты: Балаларға бояумен жұмыс жасауға үрету саусақ қимыл қозғалыстарын дамыту.

Шарты: Балалар берілген ақ қағазға түтікшелер арқылы бақбақ гүлді бейнелейді.

2 –ойын Құстар

Мақсаты: Құстар туралы түсінік беру, олардың қайда мекендейтіні туралы мәлғмет беру, ойлау қабілеттерін дамыту.

Шарты: қағаз бетіндегі құстардың бейнесін түрлі түсті құмдармен әрлеу.

Көктем мезгілінен кейін қандай жыл мезгілі бар?

Жаз.

-Күн ыстық болады.

Екінші жаз мезгілінің ойындары.

1-ойын Түстерді ажырат.

Мақсаты: Балаларға жануарлар мен құстарды жеке жеке таныта келе олардың жалпы атауға үйрету тапқырлыққа шапшандыққа баулу.

Шарты: Балаларға әртүрлі суреттер беріледі сол суреттерді түсіне қарай қыстырғыш арқылы орналастырады.

2 ойын Балық аулау.

Мақсаты: Түстерді ажырату және ұсау қол моториканы дамыту.

Шарты: Балалар қармақпен судағы балықты аулайды және неше балық жыйнағанын санайды.

Сергіту сәті:

Музыка әуенімен.

Жаз мезгілінен кейін қандай жыл мезгілі бар?

-Күз

-Жаңбыр жауады, суық болады

Жеміс пен көкөністер де пісіп, қаңбаға астық толады.

Үшінші күз мезгілінің ойындары.

1-ойын Көкөніс пен жемістер.

Мақсаты: Балалардың жемістермен көкөністер жайында білімдерін кеңейту. Балалардың ойлау қабылетін дамыту. Жемістер мен көкөністерді бір-бірінен ажырата білуге үйрету

Шарты: Себетке жеміспен көкөністі ажыратып салу.

2-ойын Шалқан ертегісі

Мақсаты: ертегі кйіперлерін дұрыс атау балалардың сөздік қорын молайту.

Шарты: балалар ертегіні әңгімелеу және ертегіде неше кйіпкер барын атау

Күз мезгілінен кейін қандай жыл мезгілі бар

-Қыс

-Аяз, боран, суық.

-Таза ауа, қар көп болады, шана тебеміз, ойнаймыз.

Төртінші қыс мезгілінің ойындары.

1-ойын Қысқы ұйқыдағы жануарлар.

Мақсаты: Жануарларды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту.

Шарты: балалар жануарларды сипатайды, атын атап, түр түсін ажыратады.

2-ойын Көленкесін тап.

Мақсаты: Қыс туралы түсінік беру, қысқы ойындар мен таныстыру.

Шарты: Балалар берілген суреттерді көленкесімен сәйкестендіру және аттарын атау.

-Балалар біз бағанадан бері жыл мезгілдерін атадық, олардың жақсы – жаманын айыра білдік.

Қорытынды: Балалар, бүгін қызықты не білдік?

-Жыл мезгілдерінің өзгерістері қандай болады екен?

-Жыл мезгілдерінің өзгерістері қандай болады?

-Жыл мезгілінің суық неге жылуын және пайдалы мен зиянын білдік пе?

Мақтау – мадақтау

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жыл мезгілі туралы әңгімелеуді.

Нені игереді: жаңа сөздердің мағынасын түсінуді.


Нені біледі: көкөністер мен жемістерді топтауды, қорытынды жасауды.



Толуева Салтанат Кейикбаевна,
Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы
«Бөбек бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
педагог-психолог,
педагог-модератор

Сезімдер әлемі
Ересек топ

Мақсаты: Балаларды эмоцияларды тануға жіне білдіруге үйрету. Эмпатия, қиял және әлеуметтік дағдыларды дамыту.

№	Жұмыс мазмұны	Балалар әрекеті
1	<p>Шаттық шеңбер Қуанамын менде, Қуанасын сенде, Жарқыраған күнге, Қуанайық бірге Сәлеметсіздерме, балалар! Бүгін көңіл-күйлерің қалай? -Тамаша Жарайсыңдар, балалар. Балалар, бізде мына жерде әр түрлі смайликтер жасырынған. Осы смайликтер арқылы, бүгінгі көңіл-күйімізді көрсетейік.</p>  <p>Балалар, біз қуанғанда не істейміз? -Алақай деп секіріп қуанамыз. Ал, ренжігенде ше, қабағымызды түйеміз. Ал, ашуланғанда не істейміз, ааа деп айқайлаймыз, ал бізге қатты ұрсып айқайласа не істейміз, жылаймыз. Қорыққанда не істейміз? Қуану, ренжу, ашулануды сезімдер, эмоциялар дейміз. Балалар сіздерге қандай болып жүрген ұнайды? Қуанып па, әлде ашуланып па? Қуанып жүрген</p>	<p>Балалар қайталайды</p> <p>Балалар смайликті алып, көңіл-күйлерін көрсетеді.</p> <p>Балалардың жауабы.</p>



Ал онда біз көңіл-күйімізді көтеру үшін, әуенмен бір сергіп алайық.
«Егер саған ұнаса, былай жаса»



<p>2</p>	<p>Психолог: <i>«бүгін таңертең топқа келгенде, Мерейді көрдім (ашуы келіп тұрған қыздың суретін көрсетіп) Оның көңіл-күйі қандай?»</i> Психолог: <i>Менің орнымда қалай әрекет етер едіңдер?</i> Балалар ашуланған қызға көмектесу жолдарын ұсынады. Психолог: <i>«Қалай ойлайсыңдар, не гажайып жағдай орын алды? Балалар, айтыңдаршы, егер адам ашуланып жатса, онымен сөйлессек, тыныштандыруға тырыссақ, мейірімізді танытсақ, оның көңілін көтере аламыз ба? Қане онда біз қалаған адамымызға мейіріммізді танытып көрейікші...»</i> Тыныш әуен қойылады. Бір бала бөлменің ортасында орындыққа отырады, ал қалған балалар оны қоршап, қолдарынан, иығынан, басынан сипалай отырып, жақсы сөздер айтып көреді. Тапсырма: Балалар сіздердің алдарыңызда суреттер бар, сол суреттерді өздеріне ұнаған смайлик жапсырасыздар.</p>	<p>Балалардың жауабы, көмек беру нұсқалары</p> <p>Әуен аясында жағымды сөздер айтады.</p>
<p>3</p>	<p>Эмоция шығару: Ойын-жаттығу: Музыка әуенімен билеп жүреді. Музыка тоқтағанда, балалар қимылдарды көрсетіп, тұрып қалады.</p>	<p>Балалар қызығушылықпен ойнайды.</p>
<p>4</p>	<p>Рефлексия: Сендерге ең қатты ұнаған не? Көңіл-күйлерің қандай? Сендер бүгін не үйрендіңдер?</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p>



Жайылханова Шынар Көбейсинкызы,
Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы
«Бөбек бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
хореограф,
педагог-модератор

Анаға қарап қыз өсер
«Қыз сыны» байқауы

Армысыздар, қош келдіңіздер!
Құрметті аналар, қадірлі тәрбиешілер!
Бұл шарада сіздерге өзара махаббат пен сыйластықтың
аналық мейірім мен қыз бала тәрбиесінің әсем көріністері
ұсынылады.

Ана десем алғыс алам халқымнан,
Ана десем теңіз болам шалқыған.
Ана десем ашылады қабағым,
Ана десем әділдікті ұғынам.

Армысыздар қасиетті аналар! - дей отырып ортаға
аналар мен қыздарымызды шақырамыз.

Халайық ықыласпен демелік,
Аналардың бүгінгі сайыстарын көрелік.
Ақылына, сымбатына қарап біз,
Әділдікпен бағаларын берелік!

Олай болса әділ-қазы алқасымен танысайық:

Бөбекжайымыздың әдіскері: Бекібаева Гүлжан Карагуловна
Бөбекжайымыздың психологы: Төлеуова Салтанат Киікбайқызы
Бөбекжайымыздың кәсіподақ төрайымы: Мурадова Баян

Бар өнерін салары анық,

Өнегелі тәлімді алған қанып.

Ал, ендеше таныстырып өтейін мен,

Бөлімдерін сайыстың бөліп жарып.

1. «Таныстыру»
2. «Кім жылдам?»
3. «Күзге байланысты қолөнер шеруі»
4. «Ойнайық та, ойлайық»
5. «Сән көрсетілімі»

Олай болса бөлімдерімен таныс болсақ, аналарымыз кезекпен шығуы үшін әділ-қазылар алдынан жеребе таңдаймыз, сол бойынша кезек-кезек шыға береміз, ендеше бастайық.

Гүл көңілдер қуаныштан өрілді,

Көздеріңнен жалын нұрын төгілді.

Жыр ұшқындап тұрғой әне үніңнен,



Көпшілікке таныстыршы өзінді-деп,
Аналарымыз кезекпен өздерін таныстырады.

- Өте керемет! Аналарымыз бірінен-бірі өтеді екен. Әділ-қазылардың әділ бағасын сұраймыз.

Келесі бөліміміз - Кім жылдам?

Бұл жерде аналарымыз картоп аршып және ол картобымыз өте жұқа және үзілмеу керек, Ал қыздарымыз піскен жұмыртқаны аршиды анасына қолғабыс болып жүрма соны қараймыз, анасы үйде қыздарымызды жұмсап үйретіп жатырма екен соны бақылаймыз.

Музыка әуені қосылады асықпай әдемі жасауға тырысамыз бұл жерде тез, таза ұқыпты аршыған адамды таңдаймыз әділқазылар, кеттік олай болса бастаймыз.

Жарайсыздар аналар мен қыздарымызда бұл бөлімнен мүдірместен өтті өте керемет олай болса әділ-қазылар алқасынан әділ бағасын сұраймыз.

Келесі бөліміміз: Күз мезгіліне байланысты қолөнер шеруін жасаймыз

Бұл енді «Үй тапсырмасына» жатады, яғни, үйден жасап келген қолөнерлерімізді таныстырамыз, неден, қалай, қандай материалмен жасадық және мағынасы барма деген сияқты кезек-кезек айтсақ болады.

Жарайсыздар өте керемет, қол өнерлеріміз бірінен-бірі өтеді.

Әділ-қазылар әділ бағасын беріп жіберсін.

Келесі бөліміміз «Ойлайықта ойнайық» бөлімі.

Бұл жерде аналармыз ертегі құрастырады. Қысқа нұсқа, яғни, мына жерде тұрған заттардан алып осы жерде ертегі құрастырамыз және соны қыздарымызға айтып береміз, бұл жерде аналармыз қаншалықты жиі балаларына ертегі айтып береді екен соны байқаймыз. Және сол ертегі балалармызға ұнау керек. Бұл бөлімнің ерекшелігі бағаны қыздарымыз береді.

Ал, кеттік ойлануға тек 5 минут уақыт береміз.

Ал, енді кім дайын кезекпен айта береміз.

Өте керемет аналармыз сегіз қырлы бір сырлы екен тамаша! Ана шіркін қандай қиындық болсада төтеп беруге дайынбыз ғой, олай болса сіздерді келесі бөлім «Сән көрсетіліміне» дайындалуға жібереміз асықпай дайындаламыз.

Аналарымыз дайын болғанша ертең менің туған күнім еді, осы орайда мені өмірге әкелген анашым өлең арнағым келіп тұр қабыл алыңыздар!

Рахмет аналармыз бар кезінде қадірлейікші кейде күйбең тіршілікпен хабарласуды да ұмытып кетіп жатамыз, анашым мені өмірге әкелгеніңіз үшін он екі мүшемді сап сау қылып мені қорғағаныңыз үшін сізге мың алғыс!

Олай болса сайысымызды ары қарай жалғастырамыз «Сән көрсетіліміне» кезек береміз.



Бәрекедi, аналар мен қыздарымыз сәнмен, әсемдiкпен жүрiп өтгi! Нағыз сұлулық – ананың мейiрiмiнде, қыздың ибалы жүрiсiнде.

Құрметтi әдiлқазылар алқасы, бүгiнгi сайысымыздың жеңiмпаздарын анықтайтын сәт те келiп жеттi. Сөз кезегiн әдiлқазыларға беремiз.



Ана — өмiрдiң шуағы, қыз — ананың жалғасы. Бүгiнгi шарамызда соны тағы бiр мәрте дәлелдедiк. Бәрiңiзге денсаулық, бақыт, отбасы берекесiн тiлеймiз! Ана мейiрiмi мен қыз инабаты ешқашан үзiлмесiн!



Абдуллаева Алия Уракбаевна,
Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы
«Бөбек бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
тәрбиеші

Ғажайыпқа толы Жаңа жыл!

Зал әдемі безендіріліп, шыршада әдемі ойыншықтар ілінген, жаңа жылдық әуен жәй ғана ойнап тұр.

Сиқыршы келіп, жайғасып отырады да:

-Келіндер, бәрің қараңдар

Сөзімді менің тыңдаңдар

Қуанышқа толы күн бүгін

Айтылар әсем әндер бар

Осынау зәулім сарайда

Жаңа жыл кеші өтпекші

Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар

Жаңа жыл тойынан қалмаңыздар!

Осынау зәулім сарайға, мерекені тойлауға «Бөбек» бөбекжайындағы «Айгөлек» тобының бүлдіршіндері апайларымен бірге жолға шығыпты.

Әдемі әуен ойналып, залға апайлары мен бүлдіршіндер кіреді.

Тәрбиеші

-Құрметті балалар, қадірлі қонақтар!

Міне, сендер күткен ғажайып та қуанышты Жаңа жыл мерекесі келіп жетті. Бұл-күлкі мен шаттыққа, армандар мен сиқырға толы ерекше күн. Балалар, сендер бүгін өте әдемі болып, құлпырып тұрсыңдар. Сендерге мерекелік көңі-күй тілеймін. Ал, енді балалар мерекелік көңіл-күймен ән айтып, би билеп, ойын ойнап, өнерлерімізді ортаға салайық.



Ән «Ақ қоян»

Тақпақтар.

Назар: Кезектесіп балалар
Тақпақ айтып береміз
Сұрақ қойса ақшақар
Ойланып жауап береміз.

Раяна Кел билейік сенімен
Деймін тартып жеңінен
Еріп кетпе Ақшақар
Адамдардың демімен

Аяла Аралайды бақшаны
Үзілмейді жақсы әні
Гүлденеді бақшалар
Жауса жаусын Ақшақар!

Әлихан Тамаша, тамаша
Шыршамыз тұр жараса
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса.

Медина Шырша дейміз елқаны
Балалар билеп қоршады
Түрлі-түсті ойыншық
Шыршада көз тартады.

Би «Жаңа жыл»

Тәрбиеші

-Балалар қараңдаршы біздің шыршамыз қандай әдемі. Бірақ бір нәрсе жетпей тұрған сияқты.

Ақ сақалды, ақ таяқты

Сыйлыққа толы қапшығы бар

Орманнан бізге асыққан
Жаңа жылдың басты қонағы Аяз Ата мен
Ақ көйлегі жарқыраған
Мейірімді, ақылды
Аяз Атаның немересі
Ақшақарды шақырайық.
Балалар қуанып
-Аяз Ата, Ақшақар
-Аяз Ата, Ақшақар-деп дауыстайды.
Осы кезде әуен ойналып, Аяз Ата мен Ақшақар кіреді. Ескі жыл Жылан кіреді.
Аяз Ата;
-Амансындар ма ұлдарым
Амансындар ма қыздарым
Жаңа жылдарың құтты болсын
Шат күлкіге толсын күндерің
Ақылды боп өсіңдер
Тату-тәтті жүріңдер
Еліміздің ертеңі
Өздеріңсіңдер біліңдер!
Тәрбиеші
-Қош келдіңіз Аяз Ата
Төрлетіңіз төрлетіңіз
Сізді күтіп сағынып
Балалар тұр шаттанып
Біздің бүлдіршіндердің өнерлерін тамашалаңыз!
Тақпақтар;
Айару Ақ қырауға малынған
Сақалы да, мұрты да
Аяз Ата сағынған
Сәлем берді жұртына
Алдияр Жаңа жылға сәніміз
Біздің айтар әніміз
Келдің ба аман алыстан
Сәлем, Аяз Атамыз
Б.Айлин Шыршамыз да керемет
Ойыншықтар тағылған
Алыс жақтан келіп тұр
Аяз Ата сағынған
Әбілхайыр Жаңа жыл, жаңа жыл
Сені күттім елеңдеп
Өзіңменен ілесіп
Аяз Ата келер деп
У.Айлин Той мереке салтанат
Думандатты шартарап
Келді міне жаңа жыл
Тартуларын арқалап
Ән «Ақшақармен бірге»

Ойын: «Қар лақтыру»

Жылан; Қымбатты балалар, менің жылым аяқталды. Мен сендермен бір жыл бойы бірге болдым. Сендермен бірге қызықты күндеріміз көп болды. Ал енді келер жылға орынды беруім керек.

Тәрбиеші;

-Рахмет жылан жылы! Сенің жылың тамаша болды. Балапандарымыз көптеген жетістіктерге жетті. Олай болса бәріміз Жаңа жылды қарсы алайық!

Әуен ойналып, Жаңа жыл келеді.

Жаңа жыл: Балалар думанды тойларың құтты болсын. Енді мен бір жыл бойы сендермен біргемін!

Тақпақтар.

Ажар Қандай әсем шартарап
Шаттық күйге бөлеп тұр
Кәмпіттерін арқалап
Аяз Ата келіп тұр

Қ. Айлин Аяз келді қаһарлы
Айналаны қар жапты
Ақ тон киіп орман тұр
Дәл атамдай салмақты

Нұрсәт Далада қар борайды
Ақ мамыққа орайды
Мұз болады қатады
Жып жылтыр боп жатады.

Олжас Жаңа жылға сәніміз
Біздің айтар әніміз
Келдің бе аман алыстан
Сәлем Аяз Атамыз

Мұстахим Жүзімізде күлкі ойнап
Қанаттанды жанымыз
Жаңа жылды біз тойлап
Шаттанамыз бәріміз

Нұрым Аязды келіп қыс
Алғашқы қар ұшты
Аппақ боп үстіміз
Ақ қырау жабысты.

Жылан жылы;

-Жаңа жыл мен енді өзімнің мекеніме қайтадан ораламын. Сенің жылың да сәтті жыл боп кірсін. Балалар ешқашан мұңаймасын. Мына мойнымдағы жыл белгісін саған табыстаймын. Мені ұмытпай естеріңе ала жүріңдер! Сау болыңдар!

Тәрбиеші;

-Думанды мерекемізді одан әрі жалғайық. «Айгөлек» тобының бүлдіршіндерінің Жаңа жылдық» вальсін тамашалаңыздар!

Би «Жаңа жылдық» вальс.

Тақпақтар.

Мерей; Жаңа жыл - жаңа қадам, жаңа бағыт
Болашақ сыйлайтындай жаңа бақыт
Жылқы жылы кеп қалды ортамызға

Жақсылықпен жалғассын жаңа уақыт
Шәрбат Құтты болсын жаңа жыл барша халық
Қуанышқа, шаттыққа тамсанайық
Бірімізге шынайы тілек тілеп
Бар әлемге бақытпен жар салайық.

Ақсұлтан Келді тағы жаңа жыл
Қуантумен біздерді
Құтты болсын қуаныш
Құттықтаймыз сіздерді
Көзайым Бір топ бала сырғанап
Би билейік зырлайық
Қалды артта қар алып
Іздерінен қар ұшып
Естай Жарқыра, жайна жаңа жыл
Қуансын әлем күйіңмен
Өзіңе арнап жырымды
Арнаймын міне бүгін мен

Ән «Жаңа жыл»

Аяз Ата мен Ақшақар балаларға сыйлықтар үлестіреді.



Тәрбиеші;

-Келді міне Жаңа жыл елімізге
Жаңа жылым құт әкелсін жерімізге
Жаңа жылдың таңы неткен арайлы
Шуақ шашып баршамызға тарайды.

Осымен «Айгөлек» тобының Жаңа жылдық ертеңгілігі аяқталды. Сау болыңыздар!



Акбаева Жанылсын Раджовна,
Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы
«Бөбек бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
тәрбиеші,
педагог-модератор

Жабайы жануарлар тіршілігі

Мақсаты: Балалардың жануарлар туралы түсінігін кеңейту. Әр мезгілде жануарлардың қалай қоректенетінін үйрету. Табиғатты, жануарларды қорғауға, қамқор болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Жануарлардың суреттері (аю, қоян, тиін, құс, түлкі, балық), жыл мезгілдерінің суреттері, табиғи материалдар (жапырақ, жаңғақ, т.б.), музыка, бейнеролик.

Жүру барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші: Балалар, бүгін біз табиғатқа саяхатқа шығамыз. Табиғатта кімдер өмір сүреді? (Жануарлар) Ал олар не жейді? Қай кезде не істейді? Бүгін соны бірге білейік!

Музыка ойнап тұрады, балалар табиғат суреттерін көреді.

II. Қызығушылықты ояту

Ойын: «Жануарды таны!»

Тәрбиеші жануардың дауысын қосады (аюдың ырылы, құстың дауысы, т.б.). Балалар қандай жануар екенін табады. Содан соң: «Бұл жануар не жейді? Ол қайда өмір сүреді?» деген сұрақтарға жауап береді.

III. Негізгі бөлім

Балалармен бірге төрт жыл мезгілі еске түсіріледі: көктем, жаз, күз, қыс.

Көктемде: жануарлар оянады, көк шөп шығады.
(Қоян шөп жейді, құстар ұя салады.)

Жазда: азық көп, жидек, жеміс піседі. (Аю бал жейді, тиін жаңғақ тереді.)

Күзде: жануарлар қысқа дайындалады. (Тиін жаңғақ, саңырауқұлақ жинайды.)

Қыста: қар қалың, суық. (Аю ұйықтайды, құстар жылы жаққа ұшады, қоян тоңып жасырынады.)

IV. Сергіту сәті

Қимылды ойын: «Жануарлар сияқты қимылда!»

– Аю сияқты жүр 🐻

– Қоян сияқты секір 🐰

– Құс сияқты ұш 🐦

– Тиін сияқты өрле 🐿

V. Практикалық жұмыс

Тапсырма: “Жануарлардың қорегін тап”

Үстелге азық суреттері (сәбіз, жаңғақ, балық, дән) қойылады. Балалар оларды тиісті жануардың суретіне апарып жапсырады.





VI. Видео немесе мультфильм

Қысқа бейнеролик көрсету: «Жануарлар қыста қалай өмір сүреді» (1–2 минут).

VII. Қорытынды

Сұрақтар:

- Аю не жейді?
- Қоян не жейді?
- Қай мезгілде тиін қор жинайды?

Тәрбиеші: Жарайсындар, балалар! Біз бүгін жануарлардың әр жыл мезгілінде қалай қоректенетінін білдік. Жануарларды қорғау керек, себебі олар – табиғаттың досы 🌿

Рефлексия. «Жануарларға тілек» әдісі

Балалар өз сүйікті жануарына тілек айтады:

- Қоян, тоңба!
- Құс, жылы жаққа аман ұш!
- Аю, тәтті ұйықта!



Ерғалиева Рабиға Кузенбаевна,
Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы
«Бөбек бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
тәрбиеші,
педагог модератор

Ұлттық ойындар

Мақсаты: Ойын арқылы балалардың адамгершілігін, адалдық, әділдік, сезімталдық қасиеттерін қалыптастыру. Ұлттық ойындарды ойнай отырып, ұлттық құндылықтарға қызығушылығын арттырып, салт-дәстүрлерді сақтай білуге ынталандыру. Балаларды шапшаңдыққа үйрету.

Әдістер: Әңгімелеу, ойындар, сұрақ-жауап, сергіту

Жүру барысы:

Шаттық шеңбері *Музыка*

Табиғат біздің анамыз

Табиғатқа баламыз

Иіліп сәлем береміз

Қайырлы күн менің сүйікті балаларым

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Күз мезгілі.



Балалар сендер қазақтың ұлттық ойындарын білесіңдер ме ?

- Балалар: Білеміз

Тақия тастамақ, арқан тартыс, қыз қуу, соқыртеке

Жарайсыңдар

Олай болса, мына асықтарға қараңдаршы, бұл жәй асық емес сиқырлы асық, әр асықта әр түрлі ойындар бар.

-Неше асық бар екен

-Санайық

-1,2,3,4,5,

Ойындарды бастамас бұрын денемізді шынықтырып алайық.

«Қара жорға» бии

Ал балалар шаршап қалған шығарсындар енді отырып жайғасындар.

Олай болса балалар біз осы «тақия тастамақ» ойынын ойнайық.

Ойын шарты

1.Балалар шеңбер құрып отырады. Бір ойыншы қолына тақия алып, сырт жағымен жүріп, байқатпай біреудің артына қояды. Тақия түскен бала оны байқап үлгерсе, қойған ойыншыны қуып жетуі керек. Егер ұстай алмаса, өзі ойын жүргізуші болады.

2.Теңге алу ойыны

Теңге алу ойынының шарты

Жерге немесе құмға теңге не зат көміп қойылады. Атқа мінген ойыншылар шауып келе жатып, жердегі теңгені еңкейіп іліп алуы керек. Кім бірінші әрі көп теңге алса – сол жеңімпаз.

3.Қыз қуу

Қыз қуу ойынының шарты:

Атқа мінген қыз бен жігіт белгілі бір қашықтыққа жарысады. Алдымен қыз қашады, жігіт қуып жетсе — қызды қамшымен жеңіл қағады. Егер жете алмаса, кері қайтқанда қыз жігітті қамшымен ұрады. Кім шеберлік танытса – сол жеңімпаз.

4.Арқан тартыс

Арқан тартыс ойынының қысқа шарты:

Екі команда ұзын арқанның екі ұшын ұстап, қарама-қарсы бағытта тартады. Белгіленген сызықтан қарсылас команданы тартып өткізген топ жеңімпаз болады.

5.Оқтау тартыс

Екі бала кілемшенің екі жағында отырып аяғын алға созады

Екеуіде оқтаудың екі ұшын ұстайды

Төрешінің белгісімен оқтауды өз жағына тартып,қарсыласын өзіне қарай еңкейтіп тарту керек.

Қай бала қарсыласын орыннан қозғаса немесе оқтауды тартып алса сол жеңімпаз атанады.

Қорытынды: Балалар бүгін біз қандай ойындар ойнадық

Тақия тастамақ, қыз қуу, теңге алу, арқан тартыс, оқтау тартыс

Сендерге ойындар ұнадыма? Иә,ұнады

Жарайсындар балалар.



Карагулова Гүлшат Даулетбаевна,
Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы
«Бөбек бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
тәрбиеші,
педагог-модератор

Пішіндер қалашығына саяхат

Білім беру саласы: «Таным».

Бөлімі: Математика негіздері.

Мақсаты: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін қалыптастыра отырып, пішіндерді ажыратып айта білуге дағдыландыру және пішіндер туралы ұғымдарын бекіту.

Әдіс-тәсілдер: тақпақ айту, жұмбақ жасыру, дидактикалық ойындар.

Билингвалды компонент: пішін-фигура, үшбұрыш-треугольник, төртбұрыш-четыреугольник.

Қажетті құралдар: геометриялық пішіндер, фетр, үнтаспа.

Жүру барысы

Шаттық шеңбері

Кел достарым, келіндер
Қолдарыңды беріндер
Шаттық толы шеңберге,
Қуанышпен еніңдер.
Шақырамын сендерді,
Ал, достарым келіндер!
Толтырайық шаттыққа
Дөңгеленген шеңберді.
Бақыт толы шеңберге,
Шаттық толы шеңберге
Қол ұстасып келдік біз,
Жан достармыз енді біз!

Тәрбиеші: - Балалар мен сендерге қызықты жұмбақтар жасырамын, шешуін тауып көрейік.

Жұмбақтар

Төрт бұрышы бар төрт қабырға,
Оған ұқсас пішін көп айналада
Ал жауабы қиын ба екен табуға? /төртбұрыш/

Атына сай балалар
Бұрышы үшеу, үш жағы оның тағы бар
Айтындаршы балалар,
Ол пішінді кім табар? /үшбұрыш/

Допқа өзі ұқсайды,

Ерекше бір пішін бар.
Атын оның атаңдар.

/дөңгелек/

-Дұрыс айтасындар балалар, енді осының бәрін бір сөзбен не деп айтамыз?

-Пішіндер.

Олай болса осы пішіндер қалашығына саяхатқа барғыларың келе ме?

-Балалар бұл саяхатқа біз пойызбен барайық.

/Пойыздың дауысы шығады/

1.Төртбұрыштар аялдамасы.

-Балалар, біз қай аялдамаға келдік?

Кәне бұрыштарын санап көрейікші.

Тапсырма

Пішіндер туралы тақпақ айтуымыз керек екен.

Тақпақтар.

Төртбұрышпын, төртбұрышпын

Төрт қабырғасы бар бұрышпын.

Қай жағынан қарасаң да,

Төрт жағы тең бұрышпын.

Мен үшбұрышпын,

Үшбұрышы бар бұрышпын.

Төртбұрыштан аз болсам да

Орны бөлек бұрышпын.

Домалықпын, домалақпын

Дөңгелек боп домаладым.

Ай сияқты, күн сияқты,

Шар сияқты домалақпын

-Жарайсындар балалар!

Саяхатымызды қайыққа мініп жалғастырайық.

Ағын судың дауысы шығады.

2.Үшбұрыштар аялдамасы.

-Ал, енді қай аялдамаға келдік?

Тапсырма. Бұл тапсырмада бізге қызықты ойын берілген екен, ойнаймыз ба?

«**Кім шапшаң?**» дидактикалық ойын.

Шарты: топқа бөлініп араласып жатқан пішіндерді өз ыдыстарына жинау керек.

-Балалар, енді мотоциклге мініп, саяхатымызды жалғастырайық.

Мотоциклдың дауысы шығады.

3.Дөңгелектер аялдамасы.

-Бұл қай аялдама екен?

Бұрыштары бар ма?

Тапсырма.

«Адасқан пішіндер» дидактикалық ойын

Шарты: пішіндерді тиісті орнына жапсыру.

-Жарайсыңдар балалар, енді топқа кететін уақыт болды. Біз топқа ұшақпен барамыз.

/Ұшақтың дауысы шығады./

-Міне топқа да келдік.

Балалар,қараңдаршы біздер жоқта топқа сандықша қойып кетіпті.

Бұл жерде де тапсырма бар сияқты.

Тапсырма.

Дәптермен жұмыс.

Әр суретті ұқсас пішіндерімен сызық арқылы қосу керек.

Қорытынды. Рефлексия.



Конарбаева Сауле Рейимовна,
Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы
«Бөбек бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
тәрбиеші,
педагог-модератор

Балабақшада В.В Воскобович технологиясын балалардың іс-әрекетінде қолданудың тиімділігі

В.Воскобович ойындарының мақсаты: ата-анамен байланыс орната отырып, Воскобович ойындарымен таныстыру, ойынның балаға қалай әсер ететіні туралы әңгімелесу, үй жағдайында балаларға ойынды ұйымдастыруға бағыт-бағдар беру. (балалардың шығармашылық, танымдық деректерін, зияткерлік, ақыл-ой және математикалық қабілеттерін дамыту.

Воскобович ойындары – ұйымшылдық, ұстамдылық, шығармашылық, зияткерлік даму, ойлау сияқты қасиеттерді қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады.)

Дамытушылығы: бұл ойындар балаларды «ақылда» және «ойлауда» әрекет етуге үйретеді, ал бұл өз кезегінде қиялды босатады, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Керекті құраладар: қоян мен кірпінің суреттері, сиқырлы кілемше (ларчик), түрлі-түсті шаршы пішіндері, түрлі-түсті жіптер.

Тәрбиеші ортаға ата-аналарды шақырады. Воскобович ойындары туралы мағлұмат береді.

Тәрбиеші: қазір мен сіздерге «Кірпінің оқиғалары» деген ертегі айтып беремін.

Ертеде орманда қоян мен кірпі дос болыпты. Бір күні қоян кірпіні өзінің туған күніне шақырады.

Кірпі қоян досының үйіне бара жатса, қатты жел тұрып, ағаштардағы құстарды ұшырып жіберген екен. Барлық құстар шикылдап кірпіден көмек сұрапты:

-Кірпі біздер үйімізден адасып қалдық, біздерге өз үйлерімізді табуға көмектесші! - депті.

1.тапсырма

Құстардың түстеріне сәйкес өз үйлерін табу. (жіп арқылы)

Өз үйлерін тапқан құстар қуанып, кірпіге қоянның үйіне баратын жолдарды айтады.

2.тапсырма

Қоянның үйіне апаратын жолды жасау. (жіптермен)

Кірпі қоянның үйіне келсе, қоянның кілемшесін мысық бүлдіріп тастаған екен, енді осы кілемшені сәндеп берейік

3.тапсырма

Әдемі кілемше құрастыру (түрлі-түсті шаршылардан)

Кірпі асығып жүріп, қоянға әкелген сыйлықтарын ұмытып кетіпті, қане біздер басқа сыйлық дайындап берейік!

4.тапсырма

Қоянға арнап сыйлықтар жасау (түрлі-түсті жіптермен)

Қорытындылау. Ата-аналарға алғыс айту



Малаева Аккенже Сарсенгалиевна,
Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы
«Бөбек бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
тәрбиеші,
педагог модератор

Әке асқартауым

Тренингтің мақсаты: Бала тәрбиесіндегі әкенің алатын орны ерекше екендігін түсіндіру, бала мен ата – ата арасындағы жақсы қарым – қатынас орнату. Бөбекжай мен ата – ата арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Әкелерге жақсы көңіл күй сыйлау.

Жүру барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: Сәлеметсіздер ме, құрметті әкелер! Сіздерді көргеніме қуаныштымын!

Отқа түстің, суға түстің мен үшін,

Енді міне бағың берді жемісін!

Бала – қыран шыңға шықса бұл күнде.

Бұның бәрі Әке сенің жемісің!

Армысыздар құрметті әкелер! Бүгінгі «Әке асқартауым» атты тренингке қош келдіңіздер!

Әке – асқар тау.

Ана – етегіндегі бұлақ,

Бала жағасындағы құрақ.

Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.

Әке отбасының асыраушысы, қамқоршысы, тірегі.

Әр отбасындағы әкенің орны ерекше.

«Жылулық шеңбері» тренингі.

Мақсаты: Топта жағымды атмосфера орнату.

Барысы: Қатысушылар алақандарын бір – біріне қатты үйкелеп, ысыған сәтте көршісінің қолынан ұстай қалады. Сол кезде жылулық бір – біріне жіберіледі.

Таныстыру: Өз есіміңіздің бірінші әріпінен басталатын жағымды қасиетін айтып таныстыру.

Мысалы: Мен ақылды да, алғыр Аккенжемін! Әр әкенің сөзінен кейін үш рет қол соғып қошеметтеп қояды.

1. «Кім жылдам».

Оюлы кубикті лақтыру арқылы ою үстімен секіріп барып тапсырманы баламен бірге орындау.

Тапсырма: Өзің білетін кез – келген оюдың бейнесін салу, бояу және атауын атау.

Бала – ата-ана өмірінің жалғасы. Бала тәрбиесі – қызығымен қиыншылығы қатар жүретін процесс.

Жазушы педагог Жүсіпбек Аймауытов айтқандай: «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш болады. Ата – ата бала үшін ең бірінші үлгі тұтар адамы, өзін көретін айнасы.

Ендеше ситуациялық сұрақтарға кезек берсек.

2. Ситуациялық сұрақтар: Әкелер үстел үстінен үлестірмелі қағаздарды бөліп алып, сұрақтарға жауап береді.

1. Балаңыздың өнері, қандай да, бір іске қызығушылығы, биімділі байқалса, не істер едіңіз?

2. Баламен сөйлесе білуде үлкен өнер. Мысалы: Түн неге қараңғы, күн қайда кетті, ұшақ қалай ұшады,.....деген сияқты таусылмайтын сауалдар көп. Сіздің балаңыз да сондай сауалдарды көп қоятын болса, жауап беруге тырысасыз ба, әлде елеусіз қалдырасыз ба?

3. Сізге бөбекжайдағы тәрбиешіден «Сіздің балаңыз басқа балаларды ұрады» деген бірнеше шағым айтылады. Тағы көрші ата – аналардың да «Біздің баланы ұрды деген сөз естуге тура келеді делік. Не істейсіз? Балаңызды қалай тәрбиелейсіз?

4. Кейбір ата – аналар баласының әрбір іс – әрекетіне көңілі толмай: «Сен сала алмайсың, сен істей алмайсың» - деп жататынын байқаймыз. Бала іс – әрекетіне теріс баға беруге қалай қарайсыз?

5. Балаңыздың тәрбиесі жайлы білгіңіз келіп, бөбекжайға келіп тұрсыз. Тәрбиеші сізді қатулы қабақ, ашулы күймен қарсы алды. Сіздің әрекетіңіз?

6. Балаңыз қандай да бір теріс іс – әрекеттер көрсетсе, қандай шара қолданасыз?

3. «Көрмей тандау» ойыны.

Ойын шарты: Әкелердің көзін байлап, өз баласын табу ұсынылады.



Ал, бала тәрбиесі отбасынан басталады, қалыптасады. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші жақсы жаман әдеттерді бала отбасында үйренеді. Отбасындағы кикілжің ұрыстар баланың психикасына әсер етеді. Баланың еңбекқор, мейірімді әдепті болып өсуі отбасында жайлы, жақсы климаттың болуы. Баламыз өмірден өз орнын тауып, бақытты өмір сүрсін десек, бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ешқашан естен шығармайық. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші ата-ана.

4. Тимбилдинг жаттығу.

Мақсаты: ұйымшыл ұжым қалыптастыруға, команданың әрбір мүшесі ауызбіршілікпен жұмыс істей білуге үйрету.

5.Жылы лебіз жаттығуы.

Мақсаты: Әрбір ата-ана өз баласына деген сүйіспеншілігі мен махаббатын әрбір табан ізін басқан сайын балаға қарап айту.

Тренинг қорытындысы. Отбасы-жылылықтың, жылулықтың мекені. Отбасы атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін Тілек шамы жаттығуын бәр-бірімізге тілек айта отырып жүргізейік және бүгінгі тренингтен алған әсерімізбен бөлісейік.



Назарбаева Акмоншак Жарилгаповна,
Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы
«Бөбек бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
тәрбиеші,
педагог-сарапшы

Республикам – мақтанышым!

16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған ертеңгілік

Мақсаты:

- 1) Балаларға тәуелсіз мемлекет туралы түсінік беру балалардың Отанға деген сүйспеншіліктерін арттыру. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Елтаңба, ту, әнұран туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы тақпақ. Патриоттық сезімге баулу.
- 2) Балалардың тіл байлығын ой-өрісін, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.
- 2) Елімізді, жерімізді қадірлеуге, сүйуге тәрбиелеу.
- 3) Көк тудың желбірегені» әнімен балалар залға кіреді.

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар!

«Республикам – мақтанышым!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Барша халық таныған,

Шырқалғанда әнұран,

Шаттық кернер жүректі.

- Әнұранды орындау.



Тәрбиеші: Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан республикасы.

Жүргізуші: Қазақстан қандай мемлекет?

Балалар: Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Жүргізуші: Балалар, сендер Елбасы кім екенін білесіңдер ме?

Балалар: Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев

Жүргізуші: Еліміздің елордасы қай қала?

Балалар: Астана.

Әрбір Республиканың өз ерекшелігін білдіретін әнұраны, туы, елтаңбасы болады. Оны «рәміздер» деп атаймыз. Қ.Р. Әнұранын жазған Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар – Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев. Біз әнді орындаған кезде қолымызды жүрегіміздің тұсына қоямыз. Өйткені біз мемлекетімізді жүрегімізбен жақсы көреміз.

Жақсы, балалар.

Қазақстан Жоғары кеңесі 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанды тәуелсіз мемлекет деп жариялады. Бұл күн — Қазақстан тарихында «Тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні» деп алтын әріптермен жазылды. Бұл республиканың барлық халықтары үшін маңызды тарихи оқиға болды.

Тәрбиеші: Бақытым Республикам Қазақстан

Көгінде ақ көгершін, қаздар ұшқан

Соған жетпес құшағы әлемнің де

Қыс болса бір шетінде жаз ауысқан.

Отан туралы тақпақтарымызды айтайық.

Мерей.

Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің,

Таулы орман, жасыл жайлау, көлім менің,

Бүгінде бар әлемге даңқың жетті,

Тәуелсіз Қазақстан – елім менің.

Ажар.

Тәуелсіздік ұлы күн,

Тұрсын жайнап, төбемде,

Сен, жасай бер, мәңгі бақи

Қуанышқа бөлен де.

Назар.

Республика күнінде

Атар таңың бақ сыйлап,

Тәуелсіздік жасай бер,

Қуанышты күн сыйлап.

Шәрбат:

Он алтыншы желтоқсан,

Тәуелсіздік алған күн.

Ерекше боп мәңгілік,

Ел есінде қалған күн.

Б.Айлин

Отан деген-атамекен

Отан деген- туған жер,

Отан ана, отан үлкен,

Қазақстан туған ел.

Олжас

Тәуелсізбін азатпын
Өмірлімін,ғажаппын.
Бар әлеммен дос болған.
Мейірімді қазақпын.

Ән: Қазақстаным Отаным.

-Жарайсыңдар балалар, Біз Қазақстан атты тәуелсіз мемлекетте тату-тәтті, бейбіт өмір сүреміз.
Бізді қорғайтын, аялайтын, Отанымыз аман болсын деп, балалардың отан туралы тақпағына кезек береміз.

Аяла
Жадыратып жанды бұл,
Нұр сыйласын арай күн.
Құтты болсын бүгінгі.
Тәуелсіздік күні бұл.

Нұрсәт
Елім туған – Отан,
Мен кішкентай ботаң.
Отан менің – анам,
Отан менің – атам.

Раяна
Отан – сенің ата-анаң,
Отан – досың бауырың.
Отан – өлкең, астанаң
Отан – аудан, ауылың.

Әлихан
Отаным – Қазақстан,
Байтақ жер – туған далам.

Нұрым
Отан туған үйіміз,
Отан туған жеріміз,
Отан ортақ үйіміз,
Көңілді ән мен күйіміз.

Көзайым
Елім менің – отаным
Жерім менің – Отаным,
Бәрінен де мен үшін,
Қымбат менің отаным.

Мың бұралған қыздарымыздың орындауында: «Қазақ биі»

Айару
Тәуелсіз азат елім,
Туып, өскен байтақ жерім.
Мәңгі жайнап, тұра бер
Қазақстаным менің.

Қ.Айлин
Ұланымын даламның,
Таудай үлкен талабым,
Ай-әлемге талпынып,
Қанатымды қағамын.

У.Айлин
Қасиетті жеріме
Құрметпен бас иемін
Өзге жұртты сыйлаймын,
Өз елімді сүйемін.

Естай
Келді міне желтоқсан
Тәуелсіздік күнімен
Құттықтаймын баршаны,
Қуанышты үнімен.
Айгөлек тобы бүлдіршіндерінің орындауында «Қазақстан» әні.

Туған халқымыздың тарихын, батыр ұл-қыздарымыздың ерлігін, жеріміздің байтақтығын, байлығын ақын аға-апаларымыз жырлап келеді. Сол жырларды жаттап, көкейге түйіп, елімізге лайықты азамат пен азаматша болу кішкентай бүлдіршіндер, сіздерге аманат дей отыра, «Айгөлек» тобы ұлдарының «Рух!» биіне кезек береміз.

Тақпақтарға кезек берсек.
Әбілхайыр
Сүйем ана тілімді,
Үйренемін білімді.
Аямаймын елімнен,
Көңілдегі нұрымды.

Медина:
Отан бізге пана,
Өзі біреу ғана.
Әлемде көп елдер
Отан жеке дара.

Айбибі
Бүгін міне, мереке
Тәуелсіздік келгенде
Еліміздің баласы
Бақытты өмір сүруде.

Алдияр
Тәуелсіздік- ұраным
Тәуелсіздік-тұмарым,
Мәңгі жаса, жас Отан
Асқақтаған жыр, әнім.

Ақсұлтан
Елтаңбасы-ажары

Әнұраны- базары
Көк байрағы көгінде,
Қазақстан ғажабы.

Мың бұралған қыздарымыздың орындауында «Балалық шақ» биі
Көк байрағым желбіреп асқарымда,
Алтын шуақ төксе күн аспанымда,
Айға да біз жетерміз қас қағымда
Аман болсын туған ел-қайғы мұңнан
Абай болсын алыс жұрт айбынынан
Айналаға тарасын жақұт сәуле,
Аңсап жеткен азаттық таң нұрынан.

Көк байрағымыз тек биіктен желбіреп, қыранымыз төбемізде бейбіт қалықтаған заманда
әрдайым біз бақытты баламыз!

Ән «Бақытты баламыз»

Тәрбиеші: Міне, балалар, бүгінгі таңда Қазақстан тәуелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар. Егеменді Қазақстан мемлекетіміз. Сендер Отанымыздың ұрпақтарысыңдар. Тәрбиелі, үлгілі, тәртіпті болыңдар. Өз елің мен жеріңді көркейтіп, Қазақстанның намысын қорғайтын келешек ұрпақтың ақылшысы, тірегі сендер болмақсыңдар.

Тәрбиеші: Құрметті ұстаздар, Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын, еліміз–аман, жұртымыз тыныш болсын, еліміздің мықты азаматы болыңдар балалар. «Республикам – мақтанышым!» атты ертеңгілігімізді тамашалағандарыңызға рахмет.



Онайбаева Агибаш,
Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы
«Бөбек бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
тәрбиеші,
педагог-модератор

Ұйқыдан кейінгі сауықтыру-шынықтыру шаралары

Мақсаты: Балалардың дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуына, қан айналымының жақсартуына, көздерін дем алтуға, балалардың арқалары, қолдарындағы, табандарындағы нүктелерді оятуға арналған жаттығуларды жасау. Суық тиюге және майтабанға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл - қозғалыс дағдыларын дамыту. Балалардың көңіл - күйін көтеру, мәдени - гигиеналық талаптарды орындау, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Түскі ұйқыдан кейін баланың сергек болуы тәрбиешінің ерекше назар аударуын талап етеді. Түскі ұйқыдан кейін баланы сергіту гимнастикасы оның дене бітіміне жайлылық және психологиялық жағымды әсер береді. Ұйқыдан ояну кезі келгенде ақырын, ырғақты әуен қоямыз, оянудың міндетті шарттарын сақтай отырып баланың оянуына мүмкіндік береміз – бастапқы күйде – арқасынан жатады, қолы денесінің бойымен ұзыннан созылып, денені еркін ұстап, тыныштықта болады. Гимнастика кешені тұрақты. Ай барысында әуен ауыстырылмайды, ал жаттығулар ойын түрінде жүргізіледі, жаттығуларды 1 - 2 айдан кейін ауыстырып отырамыз. Түскі ұйқыдан әрбір бала жеке оятылады. Біздің топта ұқсастықтары бойынша ең жеңіл, қарапайым жаттығулар жүргізіледі.

Тәрбиеші балаларды көтеріңкі көңіл-күймен ояту керек. Өйткені ұйқыдан оянған баланың бірінші көретіні - ол күлімдеген жылы жүзді адам.

Ұйқыдан ояту шараларын баланың жас ерекшелігіне сай 7 минуттан бастап 15 минутқа дейін жүргізуге болады. Ал ересек топ балалары үшін 20 минутқа дейін созылуы мүмкін.

Ұйқыдан кейінгі сергіту жаттығуларының түрлері:

1. Төсек үсті жаттығулар мен өзін - өзі массаж
2. Ойын түріндегі массаждар
3. Әр түрлі массажды құралдарды пайдалану арқылы жаттығу жасау
4. Табанға арналған кілемшелер үстімен жүру
5. Шынықтыру – сауықтыру
6. Музыкалы - ырғақты жаттығулар

Сергіту жаттығулары аяқталған соң міндетті түрде мәдени - гигиеналық талаптар (жуыну, ауыз қуысын тұзды сумен шайқау) орындалу керек.

Түскі ұйқыдан ояну шаралары кезінде қолданылатын тақпақтар жинағы:

Бойымызды жазайық
Қолымызды созайық
Жаттығулар жасайық
Ұйқымызды ашайық!

Балапандар ұйқыға кірісті.
Балапандар көреді түсті,
Ғажайып сиқырлы әлемді.
Балалар ұйқыдан оянады.

Көздеріңді ашындар,
Кірпіктеріңді көтеріңдер.

Беттеріңді жеңіл қимылмен сипандар,
Бір - біріңе жымыңдар,
Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,
Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,
Іштеріңді тартыңдар,
Көңіл күй көтерілді,
Кеуделеріңді алақанмен сипандар,
Жұдырықты қысыңдар,
Енді біраз ашыңдар,
Керіліңдер, созылыңдар,
Енді ояңдындар, төсектен тұрыңдар.

Әдемі ирек жолдармен
Лақтарша біз ойнақтап
Тастан - тасқа секіріп
Жалаң аяқ жүреміз.
Табанға біз нүктелі
Массаж жасау білеміз.

Бірге секірейік.
Бірге созылайық.
Бірге қолымызды созайық.
Бірге еңбектейік.
Бірге тіземізді ұстайық.

Сылдырлайды мөлдір су,
Мөлдір суға қолыңды жу.
Жуынсаң сен әрдайым,
Аппақ бетің, маңдайың.

Сүлгі
Ақ мақтадай түгі бар,
Қызыл - жасыл гүлі бар,
Жұмсақтығы мамықтай,
Сүртінесің жалықпай,
Тазалықтың досы –
Сүлгі деген осы.

Міне, бүгін ойнадық
Ойнадық та, ойладық.
Көжектер боп жүгіріп,
Сәбіздерді жинадық.
Бүгін жаттығу жаңаша
Қалмадық біз оңаша
Біздің балабақшада
Күнде осындай тамаша!

Ұйқыдан кейінгі жаттығу түрлері:

I. Төсек үсті жаттығулары.

Ұйқы ашар жаттығуларын жасауға қызығушылығын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсартуға тырысу, оларды дұрыс және дәл орындай білуге үйрету. Балалардың жалпы

физиологиялық жетілуін жақсарту, қимыл қозғалыс арқылы биологиялық қажеттілігін қанағаттандыру, жағымды эмоцияналды көңіл күй ортасын жасау.

1. Велосипед жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеріп. аяқты кезекпен сермеу.
2. Қайық жаттығуы. Ішпен жату, қолдар иектің астында. Жоғары тартылып, еңкею, тербелу.
3. Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп – түсіру
4. Шаңғы жаттығуы. 2 аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созып - жинау. Табанды төсек үстіне үйкеу.
5. Ашулы мысық. Тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру.
6. Мейірімді мысық. Белді бүгіп, басты жоғары көтеру.

II. Жалпы дене жаттығулары.

Жалпы денеге арналған жаттығу - балалардың денсаулығын нығайтып, дене бітімін жақсы қалыптастырады.

1) Арқаға арналған «Ауа - райы» жаттығуы. Балалар бірінің артына бірі тұрып, алдыңғы тұрған балаланың арқасына әт түрлі массаждар жасайды.

2) Басқа және қолға арналған массажды қолғаптармен жасалатын жаттығулар

3) Мойынға арналған массажды жөкемен жаттығу

III. Алақан мен аяққа арналған жаттығулар.

Ұсақ саусақ маторикасын дамытуға және майтабанның алдын алуға зор әсер етеді.

1) Алақанға арналған «Кірпі» жаттығуы. Тікенек допты алақанға салып, айналдыру.

2) Табанға арналған жаттығу.

3) Бақайға арналған жаттығу

IV. Нүктелі массаж.

Суық тиюге және тұмауға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл - қозғалыс дағдыларын дамыту.

А) Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары - төмен уқалаймыз

Б) Түшкіріп, тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкейміз.

В) Қолымызды маңдайымызға қойып уқалаймыз.

Г) Құлағымызда ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалаймыз.

Керемет балалар, бізге ешқандай суық тию кедергі болмайды (алақанын уқалау)

V. Тыныс алу жаттығулары

Тыныс алу жаттығулары өкпенің жұмысын жетілдіріп, қан айналымын жақсартады. (үрлеу әдісі)

VI. Кедір - бұдыр жолдармен жүріп отыр.

Табанға массаж - өте тиімді пайдалы денені шынықтырудың түрі. Бұл табан бөлігіндегі активті нүктелерге қалыптасу үшін керек, майтабанның алдын алу үшін пайдалы.

Құмды, тасты, сулы жерлермен жүріп өту. Әр түрлі кедергілері бар кілемшелерді басып жүру.

Ұйқыдан кейінгі сауықтыру-шынықтыру шаралары – балалардың денсаулығын нығайтуда, ағзаның қызметін белсендіруде және күннің екінші жартысына сергек күйде бейімделуінде маңызды рөл атқарады. Бұл шаралар арқылы балалардың қан айналымы жақсарып, бұлшық еттері сергіп, тыныс алу жүйесі қалыпты жұмыс істеуге көшеді. Жеңіл қимыл-қозғалыс, тыныс алу жаттығулары, сергіту ойындары мен су процедуралары баланың көңіл күйін көтеріп, эмоционалдық жағдайын тұрақтандырады.

Тұрақты және жүйелі түрде жүргізілген шынықтыру жұмыстары балалардың иммунитетін күшейтіп, қозғалыс белсенділігін арттырады, өз-өзіне сенімділігін қалыптастырады. Сондықтан ұйқыдан кейінгі сауықтыру-шынықтыру шараларын күнделікті режимге сай, жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастыру – тәрбиешінің басты міндеттерінің бірі болып табылады.



Оразбаева Улмекен Избаскановна,
Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы
«Бөбек бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
тәрбиеші,
педагог-модератор

Елімнің ертеңі Эстафеталық сайыс

«Жұлдыз» ересек тобы

Мақсаты: Балаларды ұлттық ойын арқылы татулыққа, адамгершілікке баулу. Ұлттық ойын арқылы салт-дәстүрді сақтай білуге тәрбиелеу. Бір-біріне шынайы достықты сезіне білу дағдысын дамыту.

Қажетті құралдар: арқан, асықтар, тай қазан, белдік, қап, қамшы, смайлик, ат, аттардың суреті.

Жүру барысы

Құрметті қонақтар! Бүгінгі «Жұлдыз» ересек тобында балалармен өткізілетін «Елімнің ертеңі» атты эстафеталық жарысқа қош келдіңіздер.

Балалар «Қара жорға» әуенімен денемізді қыздырып би ырғағымен жаттығу жасаймыз. (қолдарында қамшы, орындыққа отырып жасайды)

Балалар екі тоқа бөлініп тұрады .

«Қыран» тобының қатысушылары.

Бибіжан. Айтөре. Муслим. Мұхаммеджан.

Ұраны: Қырандай самғаймыз,

Шаршамаймыз талмаймыз!

«Сұңқар» тобының қатысушылары.

Данияр. Қ. Алихан. А. А. Алихан. Айлин.

Ұраны: Сұңқар тобы алға,

Биіктерге самға!

Жарайсындар балалар! Сайысымызда ойналатын ойындарымызды таныстырайын.

1. «Теңге алу»
2. «Арқан тартыс»
3. «Қол күрес»
4. «Қаппен секіру»
5. «Өгіз тартыс»
6. «Тайқазан»

1 «Теңге алу»

Шарты: **Теңге алу** - ортаға екі ойыншы шығады, атпен шауып айналып жүреді, әуен тоқтағанда ортада тұрған орамалды іліп шапшаңдықпен алу керек. Кімде-кім орамалды іліп әкетсе, сол жеңімпаз.

2 «Арқан тартыс»

Шарты: Тартысқа түскен екі топ бірін-бірі тартып, жердегі орталық сызықтан бұрын сүйретіп өткізіп әкету. Екі топтың қай жағы орталық сызықтан қарсы топты бұрын сүйреп өткізіп әкетсе, сол жағы ұтқан болады.

3 «Қол күрес»

Шарты: Жерге қарама – қарсы екі ойыншы оң қолдарының шынтағын жерге тіреп қоядыда, бірінің қолы бірі алақандастыра мықтап ұстайды. Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына тығып алады. Осылайша ұстасқан екі ойыншы нұсқаушының белгісімен, шынтақтарын сол орыннан қозғамай қарсыласының тіреулі қолын жығуға ұмтылады. Білегі жығылған ойыншы жеңіліп ойыннан шығады.

4. «Қаппен секіру»

Шарты: Жарысатын екі топтың сайыскері мәреге келіп тұрады. Сайыскердің аяғында қап, сол қаппен секіріп белгіні айналып өтіп қайтып келеді, екінші сайыскерге береді. Осылайша ойын жалғасады.

5. «Өгіз тартыс»

Шарты: Екі қатысушы еңбектеп, арқанды қолының арасынан өткізіп, қарсылысын тарта отырып шеттегі қамшыны кім бірінші алса жеңіске жетеді.

6. «Тайқазан»

Шарты: Қазандықтағы түрлі түсті асықтарды түстеріне қарай әр бала өзінің қоржынының түстеріне қарай жинайды. Қай топ бірінші жинап болса, жеңіске жетеді.






Сегизбаева Айсауле Онгарбаевна,
 Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы
 «Бөбек бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
 тәрбиеші,
 педагог-модератор

Сиқырлы «5» саны
Математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті

Мақсаты: 5-ке дейін санау қабілетін күшейту. Реттік санау дағдысын қалыптастыру. Логикалық ептілігін есте сақтау қабілетін дамыту.

Қолданылатын көрнекі құралдар: 1-ден 5-ке дейінгі сандар, сан жазылған текше, топыраққа жасырылған сандар т.б

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	<p>Шаттық шеңбер Жылы жылы жүзбенен Мандайымды сипайын Жылы жылы жүзбенен Жүрегімді сыйлайын Қолымды мен ұстайын Амандасып өзіңмен Күшақтасып алайын</p>	Балалар өлең жолдарын қайталап, іс қимылымен көрсетеді
Ұйымдастырушылық ізденістік	<p>Жарайсыңдар балалар! Балалар бүгінгі көңіл күйлерің қалай?</p> <p>-Балалар бір жылда неше мезгіл бар? -Қазір жылдың қай мезгілі? -Аттарын атайықшы? -балалар күз мезгілінде ауа райында қандай ерекшеліктер болады? Жарайсыңдар балалар!</p> <p>Балалар мен бүгін балабақшаға келе жатып, күлдіргенді кездестірдім. Ол мерекеден келе жатыр екен. Маған шар сыйлады. Балалар шар ішінде не бар екен сендерге қызықпа? Олай болса тамашалайық. (шардың ішінен сандар шығады.) Балаларда шар ішінен шыққан сандарды санатып, айтқызу тура және кері санату. Жарайсыңдар балалар! Ендеше бүгін біз сендермен 5 санына дейін санап үйренеміз.</p> <p>Іден 5 ке дейін тура және кері санаймыз.</p> <p>1.Ойын; «Кім жылдам» Барысы: текше мен орындықтағы бірдей сандарды жылдамдықпен тауып отыру.</p> <p>2.Ойын: «Көленкесін тап»</p>	<p>-4 мезгіл -күз мезгілі Қыркүйек, қазан, қараша Салқын болады. Жел соғады. Жаңбыр жауады. Ағаштағы жапырақтар сарғайып жерге түсе бастайды.</p> <p>1,2,3,4,5</p> <p>Балалар тура және кері санайды</p>

	<p>Барысы: Топырақта жасырылған сандарды тауып, сан қасындағы суретті көлеңкесіне қарай сәйкестендіріру.</p> <p>3. Ойын: «Сықырлы алақан» Барысы: Әр бала саусақтарын өздеріне ұнаған түстеріне бояп, қандай түс екенін тауып, қағазға басады -5 саусақ</p> <p>Жарайсыңдар балалар! Енді балалар 5 ке дейін өлең айтамыз.</p> <p>1 дегенім бөрік Кисең берер көрік 2 дегенім етік Киер сәнді етіп 3 дегенім ішік Терден тігер пішіп 4 дегенім тымақ Қыста кисең жылы ақ 5 дегенім байпақ Іші жылы жайпақ</p> 	<p>Балалар қызығушылықпен ойнады</p> <p>Балалар ойынды қызығушылықпен ойнайды түстерді атайды.</p> <p>Балалар қайталап айтады.</p>
<p>Рефлексиялық түзетушілік</p>	<p>-Бүгін қандай санмен таныстық? -Балалардан бүгін нешеге дейін санап үйренгендерін сұрап қорытындылау.</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап береді.</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі: сандарды танып біледі

Игереді: 5ке дейін тура кері санап біледі

Меңгереді: қол қимылдарын, қиялын дамытуды.



Уразбаева Нурсулу Утемурадовна,
Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы
«Бөбек бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
тәрбиеші,
педагог-сарапшы

Үй жануарлары әлемі

Мақсаты: Балаларға үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, олардың пайдасы маңызы, туралы түсінік беру. Олардың түрлерін бір – бірінен ажыратуға, айтқандай зейін қойып тыңдауға үйрету көзделіп үй жануарларына байланысты тақпақтар мен мақал мәтелдер айтқызу. Сұрақ – жауап, жұмбақ шешу арқылы тіл байлықтарын дамытумен бірге олардың бізге тигізер пайдасын айтып, ұлттық тәрбие негізін еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, экологиялық тәрбие беру қарастырылады.

Тәрбиелік: Үй жануарларына қамқорлық жасау.

Әдіс - тәсілі: Сұрақ - жауап, түсіндіру, көрсету

Көрнекілік: Үй жануарларының суреттері, видеосы

Жүру барысы:

Балалар, «Амандасу - адамгершіліктің, әдептіліктің баспалдағы» сондықтан да, алдымен қонақтармен амандасып алайық. Сәлеметсіздер ме!

Шаттық шеңбері.

Аспанымыз ашық болсын!

Деніміз сау болсын!

Еліміз аман болсын!

Досымыз көп болсын!

- Балалар, қазір жылдың күз мезгілі?

- Күз мезгілінде неше ай бар?

- Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады?

«Үй жануарлары» тақырыбында видео ролик тамашалау

Балаларға видеода танысқандай жануарлар туралы әңгімелеу

Балалар, осы сүйкімді жануарлар төрт түлікке жатады. Олар: түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі. Түйенің баласы - бота, сиырдың баласы - бұзау, қойдың баласы - қозы, ешкінің баласы - лақ, жылқының баласы - құлыншақ.

- Балалар, сендерді ата - әжелерің қандай сөздермен еркелетеді?

- Балалар: Ботақаным, қозым, құлыным, еркем, кішкентай лағым, қошақаным.

Сендерді ата - әжелерің жақсы көріп, сүйкімді жануарлардың аттарымен еркелетеді екен, қандай тамаша!

Халқымыздың байлығы да, берекесі де осы малдар. Адамға пайдасы өте көп. Сүтін ішеміз, етін жейміз, киім киеміз. Сиырдың, қойдың, сүтінен май, құрт, айран, ірімшік жасайды. Адамдар да оларға қамқорлық көрсетеді. Бағады, шөп, жем, су береді, сауады, көптеген күтім жасайды. Үй жануарлары өздері күн көре алмайды. Ата бабамыздан келе жатқан қасиетті жануарларды өте жақсы көрген, күтіп, қасиеттеп қараған.

-Балалар мен сендерге жануарлар туралы әңгіме айтып берейін

Жайлауда көл айналасында, таулықтар арасын үлкен жануарлар қорасы болады Онда көптеген жануарлар бір-бірлерімен өте тату дос болатын. Бір күні Шопан атай келсе жайлауда малдары жоқ екен. Қораны қарайды жоқ анда, мұнда барып таба алмайды

Ал, балалар сендер Шопан атайға көмектесесіңдер ме?

Олай болса сендермен мына жануарларды тамақтандырамыз.

«Жануарларды тамақтандыр» ойыны

Мұнда балалар сиырдың шөпті, қоянның сәбізді, күшіктің сүйекті және мысықтың сүтті жақсы көретіндігін және де жылдамдатып жануарларды тамақтандыруды

Өте тамаша әр жануардың өздерінің жақсы көріп жейтін тамағы болады екен.



Сендердің көмектеріңмен жануарлар тамақтанып алды.

«Жануарлар әлемі» ойыны

Жайлаудағы жануарларды орындарына орналастырады.

Шопан атай жануарларын көріп мәз болады. Балалардың көмегі мен жайлаудағы жануарлар достығы қайта жалғасады.



Балалар мына жануарлар ойыншығын қолмен ұстап жасыл түсті парақ үстіне қойып, ұнды елегіштен өткізу, ойыншықты жәймен алғанда жануарлар мүсіні бейнеленеді.



- Балалар, сонымен үй жануарларына нелер жатады?
- Үй жануарларының төлдерін не деп атаймыз?
- Жылқы малы қандай өнім береді екен?
- Сиыр бізге қандай өнімдер береді екен?
- Малдың дыбысталғанын қалай атайды?

Жылқы – кісінейді
Сиыр – мөңірейді
Қой, ешкі – маңырайды
Түйе - боздайды.

Балалар мен жұмыс жасау барысында бүгінгі тақырыпты қорытындылау.